



Өз ісінің шебері

Тимур – талапты ұстаз

№25 қыздар гимназиясының тарих, құқық және экономика негіздері пәні мұғалімі Тимур Қаржасбаев аз уақыттың ішінде айтарлықтай жетістіктерге жетіп үлгерді. Ол 1985 жылы Ақмола облысы Ерейментау ауданында дүниеге келген. 2004-2008 жылдар аралығында академик Е. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің тарих факультетінде «Тарих, құқық және экономика негіздері» мамандығы бойынша білім алған тәмамдаған. Сабақ ету тәсілі басқаларға қарағанда өзгеше. Ол қазіргі заманның ақпараттық коммуникативтік, инновациялық және құзыреттілік технологияларын қолданады.

Оның осы күнге дейін жеткен жетістіктерін атап айтар болсақ, 2011 жылы аудандық мұғалімдер пән олимпиадасында III орынды иеленді, 2014 жылы Шарбақты ауданында тарих пәнінің мұғалімдеріне арналған «Шебер сынып» атты семинарға қатысып, жүлделі орыннан көрінді. 2013 жылы қалалық мәслихаттың Құрмет грамотасын алса, қалалық мұғалімдер арасында өткен пән олимпиадасында екі жыл қатарынан II-III орындарды иеленді. 2015 жылы қалалық мұғалімдердің пән олимпиадасында I орын, облыстық «Да-

рынды балаларға - талантты ұстаз» педагогикалық олимпиадасында II орын иеленіп, 2013 жылы республикалық кезеңге жолдама алды. Облыстық «Дарынды балаларға - талантты ұстаз» педагогикалық олимпиадасына, облыстық «Үздік авторлық бағдарлама» конкурсына, «Мемлекеттік этносаясатты ғылыми-сараптамалық қолдау және этносаралық қатынастар саласындағы ғылыми зерттеулер нәтижелерін қолдану бойынша ұстанымдар» атты конференцияға қатысушы, республикалық «Дарынды балаларға - талантты ұстаз» педагогикалық олимпиадасы жүлдегері атанды. Сонымен бірге Қазақстан тарихы пәнінен VIII республикалық «Тарих ата» олимпиадасына, республикалық қашық-ық олимпиадасына және халықаралық «XV Сәтбаев оқулары» атты ғылыми конференциясына қатысып жүлделі орындардан көрінді. Біз Тимурдың бұдан кейін де үздік жетістіктерге жете беруіне тілектеспіз. «Ұстазы жақсының - ұстамы жақсы» дегендей, оның оқытып, тәрбиелеген оқушылары да келешекте үлкен жетістіктерге жетеді деген ойдамыз.

А.Арымбекова
Гуманитарлық пәндер
кафедрасының жетекшісі